

АРТУР ШОПЕНГАУЭР

Артур Шопенгауэр

- **Артур Шопенгауэр** - 12 ғасырда өмір сүрген неміс халқының ойшылы.
- Бұл кісі 1788 жылдың 22 ақпанында Франкфурт қаласында дүниеге келген. 1799 жылы Рунг қаласындағы жеке меншік гимназияға оқуға түсіп, білім алуға кіріседі. Бұл мектептің ол кезеңдерде атақ-абыры ерекше еді. Екінің бірі оқи алмайтын бұл оқу орнында оқитындардың басым бөлігі байлардың ұл-қыздары еді.
- Осылайша 1805 жылы Артур жергілікті бір кеңсеге жұмысқа тұрып, тірлігін жалғастыра береді. Тап осы кезде белгісіз себептермен әкесі дүние салады.
- Дәрігерлікті армандаған Шопенгауэр 1809 жылы осы мамандыққа жоғарғы оқу орнына түседі. Дегенмен бұл ғылымға ықылас-ниетінің, ебінің жоқ екендігін байқаған соң, оқуын тастап, философия факультетіне ауысады. Артурдың **философиядағы алғашқы қадамдары** осы кезден бастау алған еді.
- Оның шығармашылығына келетін болсақ, ойшыл неміс романтизміне ерекше көңіл бөлгендігін баса айтқымыз келеді. Сонымен қатар, мистикаға да қызығып зерттеген. Канттың, шығыс ойшылдарының философиясына құрметпен қараған. Тіпті Канттың бірер шығармасын француз тіліне аударғысы келіп, талпыныс та жасап көрді.
- Шопенгауэрдың түсініктері туралы айтып көрелік. **Жалпы бұл кісі жұртшылыққа пессимист философ ретінде танымал.** Оның бұндай атқа қалуының басты себебі - **"Біздің әлем барлық әлемдердің ішіндегі ең нашары"** деген сөз еді. Дүниенің ұлы ғалымдары өмірге күліп қарап, оптимисттікке тәрбиелесе, бұл кісі олай ойламағанға ұқсайды.
- Тіпті оның мінез-құлқы да оның пессимист болғандығын айғақтаса керек. Шопенгауэр адамға сенімсіздікпен қарайтын, сараң, қатал, тік, кінәмшіл адам ретінде танылған.



Шопенгауэр нақылдары

- Ақымақ уақытты қалай тез өткізуді ойлайды. Ақылды адам уақытты қалай тез пайдалануды ойлайды.
- Өмірдің қас жауы - қайғы мен зерігу.
- Тек кітаптан алатын білім болады, ол бейне жасанды аяққа, балауыз мұрынға, жапсырған теріге ұқсайды. Ал, дербес ой жүгірту арқылы алған білім біздің табиғи екі аяғымыз секілді, тек сол ғана шындап өзіміздікі.
- Дүниедегі роза гүлдерінің бәрінде тікен бар. Егер қолыңды жаралаудан қорықсаң, роза гүлінің хош иісін иіскей алмайсың.

Артур Шопенгауэр

Шопенгауэр Артур (22.2. 1788, Гданьск – 21.9.1860, Майндағы Франкфурт) – неміс философы, идеалистік бағыттың өкілі. Негізгі шығармасы “Ерік және түсінік ретіндегі әлем”. Шопенгауэр диалектика мен тарихилыққа, әсіресе, Гегельдің панлогизміне қарсы шығып, И.Кантқа бет бұрып, кантшылдықты платонизммен және волюнтаризммен ұштастырды.

Шопенгауэр философиясының негізгі арқауы, жан-жақты бастама принципі – ерік. Ол үшін ерік – абсолютті бастама, бүкіл дүниедегі бар заттар мен құбылыстардың түп-тамыры, қайнар көзі мен түп негізі. Шопенгауэр шынайы философия материалистердің іліміндегі объектіден немесе идеалистердің іліміндегі субъектіден басталмайды, сананың алғашқы сатысы түсініктен басталуға тиіс дейді. Шопенгауэр ілімінде “дәйекті негіз заңы” объектінің формасы болады және ол болмыс заңы (кеңістік пен уақыт), себептілік заңы (материалдық дүние), логиканың негіз заңы (ғылыми таным) және мотивация заңы (адамның әрекетке ынталануы) болып төрт түрде көрініс табады. Шопенгауэр философиясы өз заманында ескерілмей тек 20 ғасырдың орта кезінде таралып, иррационализмнің дамуына әсер етті.



**Кітапты тым көп оқыған сайын
мида қалатын нәрселер азаяды.
Кітапты ойланбай оқи беру миды
шимай-шатпақ жазылған қара
тақтаға айналдыру деген сөз.**

—Артур Шопенгауэр

ФРИДРИХ НИЦШЕ

Фридрих Ницше

- Фридрих Уилхелм Ницше (нем. Friedrich Wilhelm Nietzsche; 1844ж. 15 қазан — 1900ж. 25 тамыз) — XIX ғасырдағы әйгілі неміс философы және филологы, иррационалды волюнтаризмнің Артур Шопенгауэрден кейінгі бірегей өкілі.
- Оның шығармалары дінді, этиканы, эстетиканы, қазіргі мәдениет пен философияны, өнер мен ғылым салаларын жалпы беттік сынау мен қайта таразылауға негізделген. Ницше шығармаларының тілі өткір және көркем, адамды еліктірер өзгеше шеберлікке ие. Ол бейне ежелгі заманғы Гераклит секілді нақыл сөздер мен парадоксті тіркестерді қолданып[, түрлі әдеби тәсілдерді еркін пайдаланып, жанды да, жігерлі философиялық туындылар жазды.

Шопенгауэрдің Ницшеге әсері

- 1865 жылы ұстазы F.W.Ritschls Лейпциг университетіне ауысқан соң, Ницше де сонда оқуға ауысқан[10]. Осында ол кейін бүкіл өміріне әсер еткен Артур Шопенгауэрдің «Ерік және Елес ретіндегі дүние» кітабын бірнеше күнде бас алмай оқып шығып, қатты толқып: "менің философиям табан тірейтін мықты тиянаққа ие болдым" деп ағынан жарылды. Айтуынша, сол кездерде ол өмірде жалғыздік сезініп, қасіреті асқынып, үмітсізденіп жүрген екен, Шопенгауэрдің аталған кітабы оны бірден серпілтіпті. Ол кітап бейне бір ғажайып айна секілді дүниені, өмірді және жан дүниенің сырын оған жайып салыпты. Ол А.Шопенгауэр тек Ницше үшін жазғандай әсерге бөленіп, Шопенгауэрдің өмірден сонша оқшауланып, ешкім мойындамай, кітаптарына ешкім қызықпай, үлкен жалғыздық көргеніне қатты қайғырып, өзін Шопенгауэрдің тіке шәкіртімін деп жариялаған. Ал Шопенгауэр әлдеқашан өмірден өткен болатын. Әрине, Шопенгауэр өзінен кейінгі көптеген ойшылға әсер еткені белгілі, бірақ оның волюнтаризміне тек Ф.Ницше ғана толық адал болып, оныңпессимизмге толық философиясынан оптимизмдік жаңа жүйе жасап шығарды. Ал, Фридрих Ницшенің дәл сол жылы христиандықпасха мерекесіне қатысудан түбегейлі бас тартуы отбасында үлкен дүрбелең туғызған.

- Ф.Ницшенің кітаптары негізінен оның өз ақшасына шығарылған, және сол замандарда өтпейтін кітаптар қатарында болған екен. Кітаптарының тиражы шамамен 200 бен 2000 дана айналасында ғана болыпты. Бұл философиялық кітапқа құмар неміс халқы үшін сол кездегі өте төмен көрсеткіш еді. 1885 жылы «Заратуштра солай айтқан» атты кітабы бар-жоғы 40 данамен басылып шығады. Ф.Ницше кітаптың біразын өзі алып, достарына жіберіп береді.
- 1886 жылы Ф.Ницше өзінің шығармашылық көмекшісі Ernst Schmeitzner-дің антисемитизмдік идеяларына төзе алмай, көмекшіліктен босатады. Ол оны "антисемитизмнің батпағына әбден батқан" деп айыптап, "антисемитизм ізгі де парасатты адам көзге ілмеуге тиіс ілім" деп сипаттады. Сол жылы қарындасы Элизабет антисемитшіл жігітпен үйленгеніне қатты ашуланады және ол екеуінің Парагвайға барып таза "Германдық отар" құру жоспарын аяусыз масқаралайды. Бірақ олар Ф.Ницшені тыңдамай аттанып кетеді. Қарындасымен осы реткі араздасудың салдарынан кейін Ф.Ницше толық жынданып кеткен соң барып қарындасы оның қасына келді. Ф.Ницше "еврейлік құлдық этика 2000 жыл бойы Еуропа мәдениетін шірітіп келді" деп есептегенімен, бәрібір еврейлерге ұлттық өшпенділік танытуға қарсы болады.
- 1886 және 1887 жылдары Ф.Ницше Еуропадағы біраз елді кезіп жүргенде жазған нақыл сөздерін, қысқа тұжырымдарын, ұсақ мақалаларын жиып-теріп екі кітап етіп баспадан шығарды: «Жақсы мен жаман сыртында» (1886), «Мораль шежіресі» (1887). Бұл екі кітапта Ф.Ницше дәстүрлі мораль ережелеріне өршелене шабуыл жасап, Бірегей идеясына жол ашты.

"Адам деген хайуан мен Бірегей арасында керілген арқан; шыңырау төбесінде керілген бір арқан. Жүру де қатерлі; орта жолдан қайту да қатерлі; дірілдеп қорқу да қатерлі; тоқтап тұру да қатерлі". (Ф.Ницше)



Ф.Ницше қаламындағы "Мораль" сөзі де жалпылық түсініктен сәл өзгеше. Негіздік мораль бүкіл дүниетанымға сіңген және бүкіл дүниетанымыңды түсіндіретін нәрсе. Ол өзінің ерекшелігімен бүкіл мәдениеттің өзгеше тірегін құрайды. Ондағы тіл, оның ережесі, оның дағдысы, оның пайымдау-суреттеу тәсілі, оның құру-құрастыру амалы түгелдей мәдениет үшін метафизикалық құрамдар есептеледі, - осының бәрі дегдарлық және құлдық моралдар ортасындағы қайшылық пен күрестің нәтижесі есептеледі.

- ◎ **Құлдық мораль** ————— **Дегдарлық мораль**
- ◎ *Өшпенділік (кек сақтау)* ————— *тіке ашулану*
- ◎ *ырықсыз ыңғайлану* ————— *белсенді сайлану*
- ◎ *басқалардың жетектеуі* ————— *өз-өзін жетелеу*
- ◎ *о дүниелік* ————— *осы дүниелік*
- ◎ *өз-өзін алдау* ————— *өз-өзін ояту*
- ◎ *кішпейіл (бойсұнғыш)* ————— *асқақ (жасанды емес)*
- ◎ *өзге үшін (өзгешіл)* ————— *өзі үшін (өзімшіл)*
- ◎ *ағынға ілескіш* ————— *тың жол іздегіш, тың нысана ашқыш*
- ◎ *күйкі тірлік* ————— *шығармашылық*
- ◎ *тобырлық* ————— *Ақсүйектік*
- ◎ *басқалармен бірдей* ————— *жоғары дәрежеге талпынады*
- ◎ *өкінгіш* ————— *мақсат қойғыш*
- ◎ *қағидалы этика* ————— *жеке өзіндік этика*
- ◎ *еркі әлсіз* ————— *Еркі күшті*



"Құлдар кісен
дауысын сағынады.
(Ф.Ницше)

Бірегей — Фридрих Ницшенің негізгі философиялық идеяларының бірі.

- Ол "Құдай өлді, дәстүрлі моральдық мәдениетті қайта таразылау керек" деген негізде жаңа дүниетаным, жаңа өмірсенім ретінде Бірегей делінетін құндылық идеалын ұсынады. Бірегей идеясы — ұқсамаған дәстүр мен дағдылы этиканы ең арғы тұсынан жаңалау сынағы. Бірегей тіршілік еркін, Үстемдік еркін, жарату еркін ең толық әйгілеген, шығармашылық шабыты тасыған, өмірдегі егей тұлға. Батыстың дәстүрлі құндылық өлшемдері жеміріле бастаған тарихи сәтте адамның тұрмыс мұратын қайта бастан орнықтырып, жаңа өмір мәнділігі арманын қалыптастыру керек болды, Бірегей дәл осы сұраныстың Ницше тарапынан берілген сынақ жауабы.

Негізгі ерекшелігі

- Ф.Ницше ұсынған "Бірегей" тұлғаның негізгі ерекшелігі: Өзінен үздіксіз асып өтетін, әлсіздікті жеңетін, өзін толық әйгілейтін, тобырларға жол сілтейтін асқан адам; Бірегей ақиқат пен этиканың жаңа арқаны, ереже мен құндылықтың жаратушысы; ол еркін, өзімшіл, жетілген, кемел; Бірегей адамзаттың ең негізгі қайғысы мен ең ұлы үмітіне өкілдік етеді; Ол жайсыз орта шектемесін бұзып шығушы, оған деген өшпенділік, қызғаныш, күдік, қаталдық, ашкөздік, зұлымдық дегендер оны тіпті де күшейтеді. Демек, ол бейшара әлжуаз емес, ол толыққанды түбегейлі адам. Ф.Ницше Бірегейді абсолютті Құдай деп есептемеген, ол Ақырласқан адамғасалыстырмалы айтылған, ол соңғы жетілген нұсқа емес, үздіксіз жетілуге құштар тұлға. Ницше былай дейді: "Бірегей адам дегеніміз теңіз, оның ішінде сенің үлкен менсінбеуің тұншығады".



Тәңіріге сенетіндер
Бірегейді Ницшенің
жаңа Құдайы деп
қателеседі. Ол
табынатын Құдай
емес, талпынатын ең
биік мұрат болмақ.

Бірегей адамның 7 қасиеті

- 1) Бірегей – тіршілік дамуының ең жоғары шоқысы, адамзаттың ең асылы. Ол бүкіл адам баласынан биік шығып, тобырлық топалаңға былғанбайды, ол адамзат, қоғам, ұлт еркінің ең жоғарғы деңгейдегі әйгілеушісі.
- 2) Бірегей – кемеңгер, ғажайып жаратылыс ретінде Үстемдік еркінің биік көрінісі; ол күшті, құдіретті, дербес, жүректі. Шыңғысхан және Наполеон секілділер Бірегейдің төмен деңгейі.
- 3) Бірегей бәрін игереді, бәрін иелейді, бәрін басқарып, бағыттайды. Ол қорқыныш пен жасандылықтан ада. Ол жақсылық-жамандық өлшемі сыртыны шығып кеткен. Оның ар-намысы оны айыптамайды.
- 4) Бірегей – ұлы сынақшы, ғажайып тәуекел иесі, ол тәуекелшіліктен рахат алады. Бірегей тек бірегейлермен бәсекелеседі, өздерінің ең жақын достарынан ең сұрқия жау іздейді.
- 5) Бірегей бір түрлі жоғары этикалық арман; Бірегей ақиқат пен этиканың таза нұсқасы, ереже мен құндылықтың жаратушысы. Ол заң шығарады, оның еркі, оның сөзі заң. Олардың өлшемі "Мен істеймін" дегенге құрылған, олар әркез "Мен істеуім керек" деп айтып жүрмейді.
- 6) Бірегей толық еркін, кемел, өзімшіл. Ол такапар және жалғыз. Олар биікте тұрып бағалайды, тобырлардың топалаңына қосылмайды, қыран бүркіт секілді жемін биіктен аулайды, жеке келіп, жеке кетеді, ешкіммен шындап ортақтаспайды. Өзінің жеке адамдық оқшаулығын бастан-ақыр сақтайды.
- 7) Бірегей азап пен қиындыққа ең төзімді, ол қайғы-қасірет ішінде тік тұрады, ең ауыр сынақтарда шынығып шығады, оның ерік қуаты тек қауіп-қатерді жеңуге бағытталған. Қасіреті қалың жанның ғана бірегей болуға үміті бар.
- Ницше айтқан Бірегейі қазақтың ежелгі батырларына әрі жақын келеді, әрі толық ұқсап та кетпейді.

Құдай өлді

- Құдай өлді— Ницшенің ең бір қате түсінілген философиялық идеяларының бірі.
- "Құдай өлді" сөзі осы сөздің тіке мағынасында айтылмағаны Ф.Ницшенің идеяларынан хабары бар адам үшін бесенеден белгілі. Мұндағы "өлім" нақты әлемдегі бейне адам секілді өлу дегендікті көрсетпейді. Қайта, Құдай Тағала енді қайтып адамзат қоғамының этикалық өлшемі, ақырғы мақсаты болудан қалады деген мағынаны көрсетеді. Яғни, әңгіме Құдайға деген сенімнің өлуі. Құдайға сенімі таусылған адам үшін этикалық өлшем атаулы дағдарысқа ұшырайды, жақсылық жақсылық секілді адамды тамсандырмайды, жамандық жамандық ретінде адамды ызаландырмайды, "бір адам христиан діні сенімінен бас тартқан кезде ол христиандық этика атаулыдан да бас тартуға тиіс".

Жаңа мүмкіндік

- Ф.Ницшенің ойынша, адамзат Құдайға деген сенімсіз де жақсы, жағымды өмір құруға мүмкіндігі бар. Құдайға сенімнен бас тартқан адам баласы енді өзінің қабілетіне сене отырып, жаңа өмірді бастауға тиіс. Христиан діні Құдайы еркін бұйырық береді, не шектеулер салады, бірақ оған көніп солай істеп жатқан адамдар аз. Табиғаттан тысқары күштің шындығы да күмәнді. Сондықтан, адам табиғаттан тысқары тылсымнан үміт күтпей, осы дүниелік ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА басымдық беруге тиіс. Құдай өлді деген адам бейне алып мұхиттағы желкенді кемесі бос адам секілді. Онда оның еркіндігі кепілдендіріледі, артық жүктерді қажетсінбейді.

Рухтың үш сатысы

- Ф.Ницше бернелі (символды) түрде, адам ғұмыры үш рухани сатыны бастан кешіреді дейді. Олар Түйе, Арыстан және Сәби. Яғни адам алғашында түйе болып өмірді бастайды, сосын арыстанға айналады. Сосын арыстаннан сәби балаға айналады. Бұл үш сатыдағы адамның белсенділігі оның өмірде кім болғанын нақты көрсетеді. Түйе сатысы адамның барлық қиындықты арқасына артып, қажымас қайратпен ауыр жүкті арқалап алыс арман қууын көрсетеді. Түйе секілді көтерімді, шыдамды, қайсар, батыл болу арқылы адам толысады, кемелденеді, жетіледі, арықы бір күн күші асып-тасыған Арыстанға айналады. Арыстан сатысы дегеніміз күш-күдіреттің толық жетіліп, жасампаздықтың артып, айналасындағы, өмірдегі жау күштермен айқасудың басталуы. Ол өмірдегі зұлымдық, сұриқялық, жасандылық, өтірік, алдамшылық секілді Айдағар күштермен айқасады және оларды жеңсе даңық мінбесіне көтеріледі. Арыстан әділеттің, күштің, салтанаттың белгісі. Дегенмен, өз айналасын жамандықтан тазартып, ұлтты ұлы іске жұмылдырған Арыстан ендігі жерде Сәбиге айналады. Сәби дегеніміз тазалық, бірегейлік, кіршіксіздік, сафтық, сұңғылалық, әулиелік, қамсыз көркем мінезділік болып ол айналасына үлгі болар дана да, кемеңгер, көреген сұлулыққа жетеді. Бұл идея оның «Заратуштра солай айтқан» кітабының алғашқы тарауында әулие Заратуштраның ауызымен айтылады.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ**